

Бекітемін:

Мектеп директоры: Ж. Сундетов

«31» 08 2023 ж



Келісемін: *Хитрук*

ДТІЖО: Е. Хитрук

«29» 08 2023 ж

Амангелді орта мектебі
11 сыныптың тәрбие жұмысының жоспары

Сынып жетекшісі: Кабылканова Л.

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет студі, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары

5 қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1 қыркүйек-білім күні <i>«Мектеп–мейірім мекені»</i>	«Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_qunіxэштегі	Кабылканова Л	1.09
2	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл <i>(«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	4.09
3	«Ұлы даланың ұлтаралық тілі» <i>(«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	11.09
4	«Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» <i>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)</i>	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Қалиев Е.	18.09
5	«Толық адам» ілімі <i>(«Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)</i>	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	25.09

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

1қазан –Қарттаркүні

5қазан –Мұғалімдеркүні

25қазан –Республикакүні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл

Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда » («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мырзағалиева Г.	2.10
2.	«Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мырзағалиева Г.	9.10
3.	«Өнегелі өмір» эссе («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары, Эссе қорытындысын жариялау	Кабылканова Л Мамбетова Л.	16.10
4	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	«Білімге ұмтылу Еңбек сүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Кабылканова Л Мырзағалиева Г.	23.10

ҚАРАША–ПОЭЗИЯАЙЫ

15қараша-Ұлттықвалюта күні
Күзгідемалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Қалиев Е.	6.11
2.	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Қалиев Е.	13.11
3.	«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Майлыбаев А.	20.11
4.	Сыбайлас Жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған студенттердің, ұстаздардың қатысуымен «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	«Еріктілер» клубы	27.11

ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ АЙЫ

16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л. Мамбетова Л.	4.12
2.	«Отбасы–тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғызайгатовыз шара» жобасы)	Сынып сағатының жоспары,	Кабылканова Л	11.12
3.	«Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары,	Кабылканова Л Қалиев Е.	25.12

ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚКОД» АЙЫ

Қысқы демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)				
1.	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	8.01
2.	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мырзағалиева Г.	15.01
3	«Біздің қоғамдағы әділеттілік» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	22.01
4	«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	29.01

АҚПАН–ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)				
1.	«Мақал–сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мырзағалиева Г.	5.02
2	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	12.02
3	«Этикалық құндылықтарды дамыту» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	19.02
4	«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	26.02

НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

1 наурыз–Алғысайту күні
 8 наурыз–Халықаралық әйелдер күні
 21, 22, 23 наурыз–Наурыз мейрамы
 27 наурыз –Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Табысты тұлға» («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Қалиев Е.	4.03
2.	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л	11.03
3.	«Мейірімділік құндылығы» («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Қалиев Е.	25.03

СӘУІР–ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

12 сәуір -Ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Достық–көмек пен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Қалиев Е.	1.04
2.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л	8.04
3.	«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	15.04
4.	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	22.04
5.	«Тағдырыңның кілті–өз қолыңда!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	29.04

МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

9 мамыр-Жеңіс күні

31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
2.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	6.05
3.	«Медиатime» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	13.05
4	«Ұстазға алғыс» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабылканова Л Мамбетова Л.	20.05